

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ



**«ИНКЛЮЗИВТІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ:
БАҒЫТТАРЫ, БАСЫМДЫҚТАРЫ,
ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ»**
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 23-24 қараша 2017 ж.



МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции
**«ИНКЛЮЗИВНОЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ:
НАПРАВЛЕНИЯ, ПРИОРИТЕТЫ, ДРАЙВЕРЫ»**

Алматы, Казахстан, 23-24 ноября 2017 г.



PROCEEDINGS

International Scientific and Practical Conference
**«INCLUSIVE ECONOMIC DEVELOPMENT:
DIRECTIONS, PRIORITIES, DRIVERS»**

Almaty, Kazakhstan, 23-24 November 2017



**«ИНКЛЮЗИВТІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ:
БАҒЫТТАРЫ, БАСЫМДЫҚТАРЫ, ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ»**

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 23-24 қараша 2017 ж.

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
**«ИНКЛЮЗИВНОЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ:
НАПРАВЛЕНИЯ, ПРИОРИТЕТЫ, ДРАЙВЕРЫ»**

Алматы, Казахстан, 23-24 ноября 2017 г.

PROCEEDINGS
International Scientific and Practical Conference
**«INCLUSIVE ECONOMIC DEVELOPMENT:
DIRECTIONS, PRIORITIES, DRIVERS»**

Almaty, Kazakhstan, 23-24 November 2017

*Рекомендовано к изданию Ученым советом Высшей школы экономики
и бизнеса КазНУ им. аль-Фараби
(Протокол № 3 от 20.10.2017)*

Редакционная коллегия:

д.э.н., профессор Сагиева Р.К., декан Высшей школы экономики и бизнеса,
PhD, и.о. доцента Казбекова Ж.Б., заместитель декана по научно-инновационной деятельности и
международным связям,
д.э.н., и.о. профессора Байдильдина А.М., заведующая кафедрой «Учет и аудит»,
д.э.н., профессор Мухтарова К.С., заведующая кафедрой «Менеджмент и маркетинг»,
к.э.н., и.о. профессора Садыханова Г.А., заведующая кафедрой «Экономика»,
к.э.н., доцент Арзаева М.Ж., заведующая кафедрой «Финансы»,
PhD, к.э.н., и.о. доцента Товма Н.А., заместитель заведующего кафедрой «Учет и аудит» по научно-
инновационной деятельности и международным связям,
PhD, и.о. доцента Мылтыкбаева А.Т., заместитель заведующего кафедрой «Менеджмент и маркетинг» по
научно-инновационной деятельности и международным связям,
PhD, и.о. доцента Кондыбаева С.К., заместитель заведующего кафедрой «Экономика» по научно-
инновационной деятельности и международным связям,
PhD, и.о. доцента Досжан Р.Д., заместитель заведующего кафедрой «Финансы» по научно-инновационной
деятельности и международным связям.

Инклюзивное экономическое развитие: направления, приоритеты, драйверы: материалы международной научно-практической конференции. 23-24 ноября 2017 г. – Алматы: Казак университеті, 2017. – 305 с.

ISBN 978-601-04-3085-3

В настоящем издании представлены научные исследования, выполненные учеными Республики Казахстан и ближнего зарубежья, посвященные актуальным проблемам инклюзивного экономического развития. Раскрыт передовой международный опыт инклюзивного экономического развития как равного для людей доступа к экономической независимости и беспрепятственному взаимодействию между социальными группами. Рассмотрены информационно-учетные системы стратегического анализа и контроля в контексте модернизации экономики, инновационные подходы к совершенствованию систем управления в Республике Казахстан, основы формирования высокотехнологического развития секторов экономики, проблемы и перспективы развития финансовой экономики.

Данный сборник трудов международной научно-практической конференции предназначен для научных работников, преподавателей, студентов, магистрантов, докторантов и для всех, кто интересуется инклюзивным экономическим развитием.

Combining higher education institutions into groups with a similar profile is a more sensible approach than evaluating all in one group. This conclusion is vividly confirmed by numerous examples. Grouping of universities will avoid incorrect interpretation of the difference between them.

But ratings in no way can serve as an accurate measure of quality!

In fact, none of the systems can assess the academic quality in its pure form, with the possible exception of some components related to the evaluation of teaching. Most methods offer only an indirect assessment of quality. Therefore, no rating can not be the only mechanism for assessing the resources, processes and results of higher education.

Assessing the quality of education is a rather difficult task. It is relatively easy to assess the knowledge received by students in a particular field, and it is extremely difficult to assess the potential of graduates of individual institutes. Assessing the impact of the ratings in improving quality in the higher education system, it can be unequivocally asserted that they stimulated the development of the process of assessing the quality of HEIs played a positive role in developing the efficiency of higher education institutions.

List of used sources

1. Message from the President of the Republic of Kazakhstan - the leader of the nation. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan "Strategy" Kazakhstan-2050 "
2. Kalanova Sh.M., Bishimbaev V.K. - Total quality management in higher education. - Astana: Publishing house "Foliant", 2006. - P. 333-336
3. Rating of universities of Kazakhstan 2017 [Electronic resource] Access mode: <http://nkaoko.kz/rejting-vuzov/rejting-vuzov-kazahstana-2017> (circulation date 15.11.2017)
4. Compiled the national rating-2017 of the best universities of Kazakhstan [Electronic resource] Access mode: http://www.inform.kz/en/sostavlen-nacional-nyy-general-nyy-rejting-2017-luchshih-vuzov-kazahstana_a3047177 (date on 16.11.2017)

ТАУАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕРІН ТАЛДАУ

Бимендиева Л.А.,

зам. декана ВШЭБ по УВР, к.э.н, доцент, КазНУ им. аль-Фараби,

Шуренов Н.Б.,


*докторант специальности «Маркетинг», КазНУ им. аль-Фараби,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

Андатпа. Тауардың бәсекеге қабілеттілігін анықтаудың көптеген әдіс тәсілдері яғни, ерекшеліктері бар. Осыны ескере отырып, берілген мақалада тауардың бәсекеге қабілеттілігін анықтаудың әрбір әдісінің ерекшелігі мен оны қолданудың аясы қарастырылып, жекелеген әдістің жүргізу кезеңдеріне нақтырақ тоқталып өткен. Сонымен қатар, мақалада тауардың бәсекеге қабілеттілігін бағалауда қолданылатын барлық көрсеткіштер топтастырылып, әрбір көрсеткішті есептеудің формуласы қарастырылып, ұсынған формулалар негізінде тауардың бәсекеге қабілеттілігі жөнінде қандай шешім қабылдау қажеттілігі ұсынылған.

Кілтті сөздер: тауардың бәсекеге қабілеттілігін анықтау әдістері, тауардың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіштері, нормативтік параметр, техникалық параметр, экономикалық параметр.

Тауардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау, бүгінгі күні өндіруші үшін де, тұтынушы үшін де маңызды. Өйткені, шығарылған тауарлардың өткізу нарығындағы бәсекелес тауарлардан артықшылығын немесе кемшілігін анықтау, сол арқылы өндірістік стратегиясын белгілеу өндірушіге – сатып алатын тауардың осы тектес тауарлардан құндылығын айқындау, сол тауардың мейлінше тиімділігін бағалау – тұтынушыға қажет. Тауардың бәсекеге қабілеттілігі оның құрамындағы заттармен, сапасымен, беріктігімен, адам өміріне қауіпсіздігімен және сол сияқты көптеген жағдайлармен бағаланады. Өндіруші өз тауарының бәсекеге қабілеттілігін бағалағанда тұтынушы тарапынан қойылатын талаптарды ескеруі қажет. Бәсекеге қабілетті тауарға белгілі қасиеттер тобы сай болады. Өндіруші тұтынушылар талабымен бірге өткізу нарығындағы бәсекенің үстемдігін де ескеруі шарт. Сол сияқты, өз тауарының сапасының белгіленген стандарттар мен нормаларға сәйкестігін бақылау керек. Бүгінгі таңда тауардың бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың көптеген әдістері мен оларды жүргізу жолдары қалыптасқан, негізгілері 1-суретте көрсетілген. Олардың бірқатары тауарды бәсекелес тауарлардың жалпы сипатымен салыстырып талдауға негізделсе, тағы бір тобы индестік әдіспен бағаланады. Салыстырмалы әдіс. Мұндай бағалаулардың негізі болып зерттелетін тауардың сапалық және құндылық көрсеткіштерін тұтынушы талаптарымен салыстыру саналады. Алайда, тұтынушының талаптары туралы мәлімет алудың біршама қиындығына орай, тауардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау базалық тауармен салыстыру арқылы жүргізіледі. Бұл үшін нарыққа ұсынылған ұқсас тауарлардың ішінен өтімділігі жоғары, тұтынушылық қасиеттері сенім туғызатын және беделді өндірушінің тауары таңдап алынады. Осы үлгілі тауардың көрсеткіштеріне салыстырмалы тауар көрсеткіштерінің сәйкес келетіндігі немесе сәйкес келмейтіндігі оның бәсекеге қабілеттілігінің деңгейін анықтайды. Эксперттік әдіс. Эксперттік әдісті қолданудың көптеген тиімділіктері бар. Ең

алдымен, ол – тауарды бағалау кезінде оның негізгі сипаттамаларын анықтаудың әр алуандығы. Екіншіден, тауардың қасиеттерін сипаттайтын бағалаушыларды қарапайым тұтынушылардан білікті маманға дейін тарту мүмкіндігі. Үшіншіден, тауардың бәсекеге қабілеттілігін бағалағанда эксперттерді таңдау мұқияттылықты қажет етеді. Өйткені, таңдалған әрбір эксперт алынатын соңғы нәтиженің сапасына белгілі бір деңгейде ықпал етіп отырады [1, 47 б.]. Эксперттік бағалау 3 кезеңде жүргізіледі. Бірінші кезеңде тауардың параметрлері белгіленеді және олардың маңызы анықталады. Бұл көрсеткіштердің маңыздылығын анықтау үшін сарапшыларға 1-ден 5-ке дейін, немесе 1-ден 10-ға дейінгі аралықта шкала ұсынылады. Көрсеткіштерді таңдау тұтынушы қызығушылығы арқылы түсіндіріледі.



1-сурет- Тауардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау жолдары

Зерттеудің екінші кезеңінде тұтынушылардан пікір сұрау жүргізіледі.

Үшінші кезеңде сұраныс нәтижесі талданып, тауардың бәсекеге қабілеттілігі бағаланады. Әр параметр бойынша бәсекеге қабілеттілік коэффициенті есептеледі [2, 147 б.].

Индекстік әдіс. Индекстік әдісті есептеуде оның сапасы мен бағасын бейнелейтін жекелей, топтық және интегралдық индекстерді қолданады. Көп жағдайда қолданылатын бұл индекстің ерекшелігі жоғарыда аталған әдістер сияқты, бағаланатын тауардың әрбір көрсеткіштерін үлгілі тауар көрсеткіштерімен салыстырылуында. Тауардың бәсекеге қабілеттілігін бағалауда қолданылатын барлық көрсеткіштерді нормативті, техникалық, экономикалық деп үш топқа бөлінеді. Оны диаграмма түрінде ұсынайық (2 – сурет):

2-суреттегі тауардың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіштеріне тоқталып өтейік. Алғашында тауардың бәсекеге қабілеттілігінің нормативтік параметрлері анықталады. Бәрінен бұрын өнімнің патенттік тазалығы бағаланады. Содан кейін тауар параметрлерінің стандарттар мен талаптарға сәйкес келуі белгіленеді. Жоқ дегенде бір нормативтік көрсеткіш (экологиялық, қауіпсіздік, құқықтық, өзара алмастырушы, санитарлы-ветеринарлық) белгіленген талапқа сай келмесе, бәсекеге қабілеттілікті бағалау үдерісі ары қарай жүргізілмейді. Бәсекеге қабілеттіліктің нормативті параметрлерін бағалау үшін 1 немесе 0-ге тең индекс енгізіледі. Тауар сапасы міндетті стандарттарға, нормативтерге және шарттарға сай келсе, индекс 1-ге, ал сай келмесе 0-ге тең болуы мүмкін. Егер нормативтік көрсеткіштердің біреуі 0-ге тең болса, онда жалпы көрсеткіш те 0-ге тең болады. Бұл тауардың бәсекеге

қабілетсіздігін көрсетеді. Нормативтік көрсеткіштердің жиынтығын нормативтік параметр деп атаймыз.



2-сурет – Тауардың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіштері [2, 151 б.]

Сондықтан, барлық нормативтік көрсеткіштердің негізінде нормативтік параметрді есептейміз. Оны есептеу төмендегі 1-формулада көрсетілген.

Нормативтік параметр (ЖНП) бойынша жалпы топтық көрсеткіш ЖНП әр көрсеткіштің (g_i) туындысын көрсетеді.

$$ЖНП = \prod_{i=1}^n g_i, \quad (1)$$

- мұндағы: ЖНП – нормативтік көрсеткіштер бойынша жалпы индекс;
- g_i - нормативтік параметрлер бойынша бірлік көрсеткіш;
- i – бағаларды көрсететін нормативтік параметрлер саны;
- π – нәтиже.

Нормативтік көрсеткіштер бойынша жалпы индексті есептегеннен кейін тауардың бәсекеге қабілеттілігінің келесі көрсеткіші-техникалық параметрлер бойынша топтық көрсеткішті есептейміз. Оны есептеместен бұрын әрбір i параметрлер бойынша техникалық көрсеткішті есептейміз. Оны есептеу жолы төмендегі 2-формулада көрсетілген.

Тауардың техникалық сипаттамасын санды түрде техникалық параметр бірлігі шамасының (Te_i) сондай эталон параметр шамасына, олардың қуаттылығы, икемділігі, сыйымдылығы, өнімділігі, жанар-жағармай шығындары бойынша салыстыру арқылы көрсетуге болады.

$$Te_i = \frac{t_{iH}}{t_{iЭ}} \times 100 \%$$

- мұндағы: Te_i – i параметрлері бойынша техникалық көрсеткіш;
- t_{iH} – талданатын тауардың i параметрінің өлшемі;
- $t_{iЭ}$ – жалпы тауардың i параметрінің мөлшері.

Әрбір i параметрлер бойынша техникалық көрсеткішті есептегеннен кейін техникалық параметрлер бойынша топтық көрсеткішті есептейміз. Оны есептеу төмендегі 3-формулада көрсетілген.

Техникалық параметр бойынша (ЖТП) топтық көрсеткішті белгілеу үшін әр параметрдің мәнділігі есебінен бірлік көрсеткішті (Li) жинақтау қажет:

$$ЖТП = \prod_{i=1}^n Te_i * Li ;$$

Мұндағы: $J_{тп}$ - техникалық параметрлер бойынша топтық көрсеткіш;
 Te_i – i параметрі бойынша бірлік техникалық көрсеткіш;
 Li – жалпы параметрі бойынша коэффициент;
 n – бәсекелестік бағаланатын техникалық параметрлер саны.

Нормативтік, техникалық параметрлер бойынша топтық көрсеткішті есептегеннен кейін параметрлердің 3-ші тобына экономикалық көрсеткіштер бойынша топтық көрсеткішті есептейміз. Оны есептеу төмендегі 4-формулада көрсетілген.

Топтық экономикалық көрсеткішті ($J_{ЭП}$) анықтау үшін талданып отырған тауар ($Цп$) мен эталон немесе ұқсас-тауардың тұтыну бағасын салыстыру қажет.

$$J_{ЭП} = \frac{Цп}{Цпэ} \quad (4)$$

мұндағы: $J_{ЭП}$ – экономикалық параметрлер бойынша топтық көрсеткіш;
 $Цп$ – тауарды тұтыну бағасы;
 $Цпэ$ – талданатын тауардың тұтынатын бағасы.

Тауардың тұтыну бағасы нарықты сату бағасы мен барлық шығындар түрінде белгіленеді.

Нормативтік, техникалық және экономикалық параметрлер бойынша есептелген топтық көрсеткіштер (интегралдық) негізінде талданып жатқан тауардың кешенді көрсеткіші (K_k) немесе бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші есептеледі. Оны есептеу төмендегі 5-формулада көрсетілген.

$$K_k = J_{нр} * J_{тп} / J_{ЭП} \geq 1 \dots \dots (5)$$

Мұндағы: K_k – талданатын тауар бәсекелестігі коэффициенті;
 $J_{нр}$ – нормативті параметр бойынша топтық көрсеткіш;
 $J_{тп}$ – техникалық параметр бойынша топтық көрсеткіш;
 $J_{ЭП}$ – экономикалық параметр бойынша көрсеткіш.

Есептелген коэффициент негізінде талданып отырған тауардың бәсекеге қабілеттілігі жөнінде шешім қабылданады. $K_k < 1$ болған жағдайда талданатын тауар эталонынан немесе ұқсас тауардан бәсекеге қабілеттілігі төмен болады, $K_k = 1$ болғанда талданатын тауар мен эталон тауар тең көрсеткішке ие болады, ал егер $K_k > 1$ болғанда талданып отырған тауардың бәсекеге қабілеттілігі ұқсас тауардан жоғары болады. $K_k > 1$ болғанда осы тауарды өндіру және нарыққа шығару жөнінде шешім қабылданады, ал $K_k < 1$ болса, онда бәсекеге қабілеттіліктің қажетті деңгейіне жету мақсатында техникалық және экономикалық параметрлерді көтеру үшін тиісті іс – шаралар жасау керек. Мұндай бағалау тауарды жасау кезеңінде бәсекелес тауарға қарағанда көп жағдайда тұтынушыны қанағаттандыратын сапа, сервис, өндіріс шығындары және баға сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік береді. Алайда, бұл әдісті кең көлемде жүргізуге тұтынушылардан қажетті мәліметтерді алудың қымбаттылығы (маркетингтік шараларға) әсет етуі мүмкін [2, 154 б.].

Интегралдық көрсеткішті есептегеннен кейін тауардың бәсекеге қабілеттілігі туралы тұжырым шығады. Егер де тауар бәсекеге қабілетсіз болатын болса, онда бәсекеге қабілеттілікті арттыру және шығындарды оңтайландыру жөніндегі шараларды талдап, оны жүзеге асыруымыз керек. Сонда ғана тауарымыз бәсекеге қабілетті бола алады.

Тұтынушылық әдіс. Бұл әдіс өнімді өндіру барысында оның технологиялық дайындалу ерекшеліктерін, оның сапалық деңгейін және оны өткізу кезеңінде тұтынушыларға жағымдылығы мен тиімділігін анықтау арқылы жүргізіледі. Соңғы кездері, кәсіпорынды дамыту мен оның тиімділігін арттыруда елеулі нәтиже беріп жүрген маркетингтік ізденістер тауардың бәсекеге қабілеттілігін бағалауда да жан-жақты мәліметтер алуға қолайлы болып саналады. Дұрыс ұйымдастырылған және міндеттері белгіленген маркетингтік зерттеулер тауардың сұранысын арттыру шараларының нәтижелілігін қамтамасыз етіп отырады [3, 17 б.].

Үлестік әдіс. Бұл әдіс тауардың оның тұтыну нарығындағы алатын үлесі арқылы бағалауына негізделген. Осы әдіс арқылы тауардың нарықтағы бәсекелестердің тауарымен салыстырғандағы әлсіз және ұтымды жақтарын анықтауға, сонымен қатар нарықтағы үлестері арқылы тез немесе баяу дамып бара жатқан бәсекелестерін айқындауға да мүмкіндік туады [4, 56 б.].

Алайда, бұл әдіспен тек ашық әрі жетілген нарықта ғана дұрыс ақпарат алуға болады. Себебі, әрбір мемлекет өзінің ішкі нарығын импорттан шектеу, отандық өндірушілерін қолдау саясатын жүргізіп

отыруы мүмкін. Бұл жағдайда, сыртқы бәсекелестердің жетістіктері мен кемшіліктерін жүйелі түрде бақылау мүмкін емес.

Сандық әдіс. Бұл әдісті Ресейлік ғалым Р.А.Фатхудинов ұсынған. Бұл әдіс (тауардың қызмет ету мүмкіндіктері, тауар шығару көлемі, ресурстарды ұтымды жұмсау, шығынды азайту) көбінесе машина жасау өнеркәсібінің өнімдерін бағалауға қолайлы болып саналады. Ол үшін тауардың тиімділігі мен бәсекелестері туралы сапалы ақпарат қажет. Алайда, мұндай мәліметтерді жинаудың қиын екенін ескерсек, бұл әдіспен тауарды бағалаудың өзі күрделене түседі [5, 88 б.].

Әлеуметтік әдіс. Бұл әдістің ерекшелігі – мәліметтерді тұтынушылардан сұрау жүргізу арқылы аламыз. Бұл әдіс анкеталық сауал бойынша өтімі көп өнімді анықтау нәтижесінде тиісті шараларды қабылдауға жағдай жасайды. Көптеген әдістердің ішінде бұл әдіс ең қарапайым және шығыны төмен болып есептеледі. Негізінен, тауардың бәсекеге қабілеттілігі белгілі бір уақыт аралығында өзгеріп отыратынын ескерсек, онда аталған әдіспен оның деңгейін жиі-жиі бағалауға болады [6, 39 б.].

Жоғарыда келтірілген әдістердің әрбірі нақты өндіріс пен оның өнімдерін бағалау үшін дайындалған. Бұл әдістердің қайсысы болмасын, алынған мәліметтерді сараптауға, тиісті қорытындалар шығаруға және сол арқылы тауардың бәсекеге қабілеттілігін қажетті деңгейде ұстау немесе оны арттыру тетіктерін айқындау шараларын дайындауға негіз болады.

Жоғарыда аталған әдістерді талдай келе мынандай қорытындылар жасауға болады:

- Тауардың бәсекеге қабілеттілігін анықтау әдістері көп. Тауардың бәсекеге қабілеттілігін анықтау әдістерінен әр сала өнімдерін бірдей тиімділікпен анықтайтын әмбебап үлгісін жасау өте қиын. Себебі, әр сала өнімдерінің өзіндік дайындалу ерекшеліктері бар, соған сәйкес олардың құндылықтары да өзгешеленеді.

- Кез келген тауардың бәсекеге қабілеттілігін әділ бағалаушы-тұтынушы екенін ескерсек, тауардың сапалық және тартымдылық қасиеттерінің деңгейін де тұтынушылар таразысына салған жөн. Тұтынушы талғамы кәсіпорын тауарының жетістіктері мен кемшіліктерін айқындап, сол нәтижелер бойынша нақты міндеттер белгілеуге мүмкіндік жасайды.

- Эксперттік әдісті қолданудың көптеген тиімділіктері бар. Ең алдымен, ол – тауарды бағалау кезінде оның негізгі сипаттамаларын анықтаудың әр алуандығы. Екіншіден, тауардың қасиеттерін сипаттайтын бағалаушыларды қарапайым тұтынушылардан білікті маманға дейін тарту мүмкіндігі. Үшіншіден, тауардың бәсекеге қабілеттілігін бағалағанда эксперттерді таңдау мұқияттылықты қажет етеді. Өйткені, таңдалған әрбір эксперт алынатын соңғы нәтиженің сапасына белгілі бір деңгейде ықпал етіп отырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әмірбекұлы Е. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі. – Алматы. Экономика, 2009. – 120 б.
2. Есімжанова С.Р. Маркетинг.оқу құралы. – 3-басылым. – Алматы. ЭКО, 2009. – 220 б.
3. Шкардун В.Д., Стерхова С.А. Комплексный метод оценки конкурентоспособности нового товара // Маркетинг и маркетинговые исследования в России. – 2001. – Т.1. – №4. – 15-25 б.
4. Юрашев В. Количественные показатели контроля конкурентоспособности торговой марки // Маркетинг. – 2002. – №6. – 55-58 б.
5. Фатхудинов Р.А. Конкурентоспособность: экономика, стратегия, управление. – Москва. ИНФРА-М, 2000. – 312 б.
6. Чкалова О. Оценка конкурентной среды торговых предприятий // Маркетинг. – 2002. – №4. – 35-43 б.

СТРАТЕГИЯ ДИФФЕРЕНЦИАЦИИ КАК ИНСТРУМЕНТ ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЯ

Кожамкулова Ж.Т.,

к.э.н, доцент кафедры «Менеджмент и маркетинг», КазНУ им. аль-Фараби,

Нурмамбет Т.,

магистрант специальности «Маркетинг», КазНУ им. аль-Фараби,

Республика Казахстан, город Алматы

Аннотация. В статье рассматриваются определение стратегии, конкурентоспособности и проблемы стратегии дифференциации, а также условия ее внедрения в компании. В статье представлены результаты исследования стратегии дифференциации как важного фактора повышения конкурентоспособности. Были определены условия, необходимые для реализации стратегии дифференциации.

Ключевые слова- дифференциация, конкурентоспособность.

В условиях формирования рыночных отношений в Казахстане проблема развития конкуренции и повышения конкурентоспособности хозяйствующих субъектов во всех отраслях экономики становится все более актуальной. В настоящее время предприятию уже недостаточно следовать стандартным правилам ведения бизнеса. Залогом успеха является удачная конкурентная политика. Одним из успешных ее составляющих является разработка модели взаимосвязи и взаимовлияния

СОДЕРЖАНИЕ

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-УЧЕТНОЙ СИСТЕМЫ СТРАТЕГИЧЕСКОГО АНАЛИЗА И КОНТРОЛЯ В КОНТЕКСТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ ЭКОНОМИКИ

Мамасыдыков А.А., Тайгашинова К.Т., Арыстамбаева А.З. Развитие управленческого учета: теория и методология	3
Арзыбаев А.А., Арыстамбаева А. З., Сайлыбаев Ж. Особенности современных концепций управленческого учета	6
Исраилов М.И. Султанова Б.Б., Нусупова Э.Б. Международный опыт в методологических подходах к организации государственного аудита	10
Иванюк Т.Н., Арышев В.А. Теоретические и методологические особенности оценки бизнеса	16
Ахметова А.С. Экологиялық шығыстарды жоспарлау, басқару және болжау	19
Beisenbayeva A.K., Zinetullina J.E. The problem of accounting and the formation of information about the incomplete production of the agro-industrial complex	23
Бейсембаева А.К., Ахметов М. Өнімнің өзіндік құнын төмендетудің халықаралық тәжірибедегі әдістері	25
Байдильдина А.М., Жунисова Г.Е. Табыстылықты анықтаудың заманауи көрсеткіштері және оларды отандық тәжірибеде пайдалану	28
Джаншанло Р.Е. Анализ распределения доходов в рыночной экономике: состояние и проблемы	33
Джаншанло Р.Е., Ноянов М.Е. Кәсіпкерлік тәуекелдер және оларды басқару	40
Джаншанло Р.Е., Дуйсенов Т.С. Анализ трансфертного ценообразования в Казахстане	41
Джакишева У.К., Исаева А.А. Современные концепции бухгалтерского учета: теория и методология	44
Товма Н.А., Усабаев А., Ералиева А.Е. Особенности современных методик комплексного управленческого анализа: зарубежный и отечественный опыт	47
Товма Н.А., Бекзатова Б.Б. Методики учета доходов в туристской деятельности	51
Аскарова Ж.А., Мелдехан А. Қ. Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметінің бухгалтерлік есебін жүргізу ерекшеліктері	55
Низамдинова А.К., Алимханқызы Э., Иркимбаева С.Б. Государственное регулирование кризисных ситуаций в учете и анализе в условиях антикризисного управления	58
Нургалиева Г.К., Төленова С.Е. Банктік аудит инклюзивті экономикалық дамудың бағыты ретінде	61
Нургалиева Г.К., Зайнуллина И.С. Екінші деңгейлі банк жүйесіндегі ішкі аудит қызметін ұйымдастыру	63
Нургалиева Г.К., Калиева Ж.Б. Салық мониторингі – бухгалтерлік және салық есебіндегі жанашылдық ретінде	66
Баймуханова С.Б., Әбділдаева Ә.Е. Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығы және оны қалыптастырушы факторлар	69
Баймуханова С.Б., Адрахман А. Анализ финансовой среды организации	72
Оралбаева Ж.З., Цзя Мэнин Современные методы и методики оценки и прогнозирования финансового положения организации	75
Оралбаева Ж.З., Гао Минхао Особенности организации бухгалтерского учета лизинговых операций	79
Оралбаева Ж.З., Отебай А. С. Кәсіпорындағы басқару есебі жүйесін жетілдіру мен дамыту	83
Байдаулетов М.Б., Аманов А.Н. Өндірісті басқарудағы бюджеттің қалыптастыру үрдісінің маңызы	86
Акимбаева К.Т., Кадырова А. Современные методы анализа финансовых рисков компании	88
Когут О.Ю. Теоретико-методологические аспекты финансовой устойчивости организации в условиях кризиса	91
Кишибаева Б.С., Толеубаева М.А. Учет оплаты в строительных организациях	94
Кыздарбекова А.С., Кыздарбекова А.С., Кыздарбек У.С. Анализ внедрения инклюзивного образования в страны СНГ	98

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СИСТЕМ УПРАВЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ИННОВАЦИОННЫЙ ПОДХОД

Sagieva R.K., Askerov A.A. Implementation of crowdsourcing platform in the sphere of scientific research	103
Мухтарова К.С., Есболганова Г. К., Мерзудинова Д. Е. Проблемы управления персоналом в организациях Республики Казахстан	105
Жатқанбаев Е.Б., Кулбасова Н.К. Пути поддержки малого предпринимательства в регионе	107
Шеденов У.К., Аскаров Г.А. Автомобильные грузовые перевозки Республики Казахстан: проблемы и пути решения	110
Спанов М.У., Абдувалиева Ж. А. Кәсіпорындағы маркетингтік коммуникацияны жетілдіру	116
Спанов М.У., Сұлтангазина А. Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарда маркетингті ұйымдастыруды жетілдіру	119
Спанов М.У., Бекмурзаев Б. Б. Опыт управления проектами в интернет-торговле на примере казахстанских компаний	122

Спанов М.У., Кусмолдаева Ж.Н. Необходимость инноваций в области здравоохранения в Республике Казахстан	125
Тургинбаева А.Н., Сарыбай М. Маркетингтік технологиялардағы инновацияларды басқару	128
Тургинбаева А.Н., Ержанова А. Инновационные подходы к формированию логистической системы в инклюзивной экономике	132
Тургинбаева А.Н., Молдабаева А. Пенсионная система в инклюзивной экономике	137
Зиядин С.Т., Жуманов К.И. Мегаполистер – ұлттық экономиканы басқарудың қозғаушы күші ретінде ...	140
Зиядин С.Т., Блембаева А.Н. Мегаполистердегі туристік жағдайларды жақсартудың шетелдік тәжірибесі	144
Цеховой А.Ф., Жаксылыкова А.А. Управление инновационным развитием предприятий малого и среднего бизнеса	148
Sabden O., Turdalina Sh. K. Competitiveness of high schools of Kazakhstan as a development driver of the country	151
Бимендиева Л.А., Шуренов Н.Б. Тауардың бәсекеге қабілеттілігін анықтау әдістерін талдау	155
Кожамкулова Ж.Т., Нурмамбет Т. Стратегия дифференциации как инструмент повышения конкурентоспособности предприятия	159
Tazhyieva S.K., Mukasheva T. The role of the human resource strategy in enterprise management and modern trends of development.....	163
Алшынбай А.М., Сопбекова Н. Приоритетные направления современного маркетинга: показатели экономического развития предприятия	167
Рахматуллаева Д.Ж., Боранбаева А.К. Экономиканың инновациялық бағытта дамуына тікелей шетелдік инвестициялардың ролі	170
Ашимова Р.М., Маткаримова Л.К. Инновацияны дамыту – ел экономикасының серпінді дамуының негізі.....	173
Құрмантаева А.Ж. Тәуекелдерді басқару нәтижесі тұрақтылық кепілдігінің құралы ретінде.....	178
Konysbai A.K. Feature of labour law in an inclusive economy.....	181

ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ВЫСОКОТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ СЕКТОРОВ ЭКОНОМИКИ

Садыханова Г.А., Нургасова Б.Е. Индустриалды саясат ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру факторы ретінде.....	186
Sadykhanova G.A., Shaimerdenova A.K. Small and medium-sized businesses innovative activity's role in the Republic of Kazakhstan.....	189
Садыханова Г.А., Сыдық Н. Цифровизация сферы образования в Казахстане.....	192
Мухамедиев Б.М., Хитахунов З.А. Влияние прямых иностранных инвестиций на экономический рост Казахстана	194
Аубакирова Ж.Я., Ердеш Э.Б. Развитие интернет-банкинга в Республике Казахстан	197
Aubakirova Z.A., Ilyassova Z.S. Technological modernization and accelerated conduct of institutional reforms in the Republic of Kazakhstan in modern conditions	199
Аубакирова Ж.Я., Бейсенбаева М.Ж. Қазақстан Республикасындағы шетелдік инвестицияларды тартудағы қажеттілік формалары.....	203
Айтбембетова А.Б., Мейрамова Д.С. Адами капиталдың сапасын арттыру мәселелері	206
Kondybayeva S.K., Batyr A.B., Syzdykova A.S. Influence of industrial –innovative development on foreign trade in Kazakhstan	209
Kondybayeva S.K., Gulden M. Quality assurance of higher education as an innovative challenge of national system of education	212
Калдияров Д.А., Балтабаева А.М., Syzdykova S. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығындағы энерго және ресурс үнемдеу – Қазақстан Республикасы АӨК жоғары технологиялық дамуының негізі	220
Калдияров Д.А., Сыздықбаева А.А. Азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етуді мемлекеттік қолдау және шетелдік тәжірибе	225
Калдияров Д.А., Турганбекова Ж.Е. Алматы облысы ауылшаруашылық саласының инвестициялық тартымдылығын талдау.....	228
Калдияров Д.А., Абдыкалиева Ж.Ш. Ауыл шаруашылық кооперативтерін мемлекеттік қолдау-уақыт талабы	232
Калдияров А. Д. Автоматизация и сегментация бизнес-модели организации	235
Сапаров Е.К. Ұлттық экономиканың модернизациялану жағдайында агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамытуды анықтайтын факторлар	238
Сериков Б., Бакиров Е.А. Диверсификация-основной путь повышения эффективности орошаемых земель.....	240
Тураров Д.Р., Насипова Т.С. Энергетикалық қауіпсіздік жағдайында «жасыл экономиканың» даму динамикасы	243
Тураров Д.Р., Олжаш Е.А. Қазақстан Республикасының шағын инновациялық бизнесі экономиканың даму факторы ретінде.....	246
Айтуганова З.Ш., Нурбай А.Е. Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамту феномені әлеуметтік-экономикалық дамудың ерекшеліктерінің көрінісі ретінде	248